

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанындағы
«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (8D017- Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты)
«6D020500 – Филология» (8D023-Тілдер және әдебиет) мамандықтары бойынша диссертациялық кенесіне
ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Молдабаева Карлыгаш
Ергазиевнаның «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың жазу дағдыларын қалыптастыру, ойын дұрыс жеткізе білу, мәтінді дұрыс құра білу қажеттілігі артып отыр. «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне бірі қиындасып, жалғасатынын дағдысын білу керек», – деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, жазарман ойын дұрыс жеткізуі үшін тілдегі жүйені түсініп, нормаға сәйкес дұрыс жазудың қажеттігі артып отыр. Осыған байланысты қазіргі кезде «Академиялық жазылым» пәні барлық жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде оқытылы бастады. Соған байланысты Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты зерттеуі өте өзекті әрі Қазақстандағы ғылымның даму бағыттарымен сабақтас. Сондай-ақ зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы; ҚР Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларымен сабақтас әрі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 27 желтоқсанындағы №988 қаулысы) сәйкес.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты зерттеу жұмысының маңызы зор. Академиялық жазылымды меңгерген студент мәтінмен қалай жұмыс істеу керектігін түсінеді; функционалды стильдердің ерекшелігін түсінеді; танымдық белсендігі артады; ақпаратты түсініп, өзгерте алады; өз ойын тілдегі жүйеге, нормаға сәйкес дұрыс жеткізе алады; ойын қорытып, тұжырымдауға дағдыланады; ғылыми мәтіндердің (реферат, түйіндеме, курс, диплом жұмыстары, диссертация) құрылымын, әрқайсысының ерекшелігін түсінеді; кәсіби шеберлігін шыңдайды; сыни тұрғыдан ойлап, жаза алады; сенімділігі артады; өз ойын, ұстанымын дәлелдей алады; қоғамда өз орнын тауып, тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі функционалдық стильдердің дамуына, ғылыми стильдің жетілуіне, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметінің артуына, ғылым тілінің дамуына жол ашады. Емтихан тест түрінде алынғандықтан, білім алушылар дайын жауапты белгілей салғанның салдарынан шешен сөйлеу, ойын көркем жеткізе білуде көп қиналады. Осы орайда Молдабаева Қарлығаштың «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты зерттеу жұмысының маңызы өте зор.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеуші тақырыбын жан-жақты меңгерген. Зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес диссертанттың өзі де академиялық жазылымның қағидаттарын жақсы меңгерген, иілі жатық, ойы айқын. Зерттеу барысында Қ. Молдабаева академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориясын зерделеу үшін эмпирикалық әдістерді қолданған; академиялық жазылымның қалыптасып, дамуын айқындау үшін талдау, сипаттау, жалқылау, жалпылау, кестелік талдау, тақырыптық талдау әдістерін қолданған. Диссертант Excel, AtlasTI бағдарламаларын қолдана отырып, жинақталған ақпаратты талдаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ;	Диссертант зерттеудің өзектілігін әлемдік қоғамдастықта академиялық дискурста ерекше мән берілуімен, академиялық жазылымның мақсатымен

	<p>2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>байланыстырады. Академик Рабига Сыздық: «Дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады», – деген еді. Студент жазу арқылы ойын жеткізетіндіктен, жазудың кағидаларын терең меңгеруі керек. Себебі ол өзі үшін жазбайды, басқа субъекті үшін жазады. Ол субъект жазылған дүниені дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауы үшін жазу көпшілікке ортақ нормаға сәйкес болуы керек. Толассыз ақпараттар легіндегі барлық дүние тілдегі жүйеге сай келе бермейді. Әрі ғаламтордағы материалды көшіре салғаннан студенттің, магистрант, докторанттың аялық білімі, танымы артпайды. Осыған байланысты диссертант кейде білім алушылар интернет көздерінен дайын материалды жүктеп алып, тапсырмаларды, өздік жұмыстарды дайын күйінде тапсырып жатқанын, академиялық адалдық сақталмай жатқанын ескерте келіп: «Интернеттегі материалдар адамның білімін толықтыру, жетілдіру, дамыту үшін қажет болатын. Ал енді ол материалдарды көшіріп алып, өз мақсатына жаратар болса, одан білім алушының біліктілігі де артпайды, білімі де толықпайды. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ғаламтор материалдарын пайдаланушыларға, білімдерін толықтырушыларға академиялық жазуды үйрету қажеттілігі туындауда», – дейді. Соған сәйкес академиялық жазылымда білім алушыны «ғылыми ойлай алу, ғылыми жаза алуға баулу» көзделетінін айтады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>«Академиялық жазылымның теориялық және методологиялық негіздері» деп аталатын I бөлімде академиялық жазылымның тарихы: қалыптасуы, даму үрдісі, ғылыми коммуникация: жазу және жариялау ережелері, академиялық жазылымды құру мәдениеті мен этикасы туралы сөз болса, «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің ғылыми- практикалық жүйесі» деп аталатын II бөлімде академиялық мәтін жанрлары: түрлері, топтастырылуы, модельдеу теориясы және академиялық мәтіндерді ресімдеу, академиялық жазылымның эссе жанрын практикалық саралау және модельдеу, білім алушылардың академиялық жазылым дағдыларын меңгеруінің практикалық деңгейі: зерттеу, саралау, нәтиже негізінде модельдеу туралы сөз болады. Яғни «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты зерттеуі» атты диссертациялық жұмыстың тарауларында ішкі бірлік сақталған әрі зерттеу жұмысының мазмұны диссертацияның тақырыбына сай.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация</p>	<p>Зерттеу жұмысында академиялық жазылымның түрлерін нақтылау,</p>

	<p>тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>академиялық жазылымның ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау негізінде модельдеу мақсат етілген. Соған сәйкес зерттеу жұмысында академиялық жазылымның жалпы тіл біліміндегі және қазақ тіл біліміндегі зерттелуі, қалыптасып, дамуы туралы жан-жақты ақпарат берілген; ғылыми коммуникациядағы академиялық жазылым жанрларының ерекшеліктері айқындалған; академиялық жазылым мәдениеті, этикасы, плагиаттың пайда болу себептерін анықталған; академиялық мәтін жанрларының түрлері нақтыланып, өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес топтастырылған; академиялық жазылым түрлерін модельдеу жолдары көрсетілген; эссе жанры сараланып, модельденген; студенттердің академиялық жазылымды меңгеру арқылы қандай дағды-қабылетке не болатыны көрсетіліп, жазба жұмыстарға қойылатын талаптар, оларды бағалаудың өлшемшарттары берілген. Яғни зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық қол жеткізген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен мен қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының бөлімдері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптар үдесінен шыққан. Зерттеушінің теориялық дайындығы, тақырыпты меңгеруі, тілдік деректерді жинақтап, сұрыптауы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) <i>талдау жартылай жүргізілген</i>; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант И.Б. Короткина, М.Б.Квициния, И.В. Третьякова, Л.А. Милованова, В.В. Радаев, А.Ф. Ануфриев, М. Ф. Шкляр, Street B, Green B., Beavis C, K.Hyland., N.Sommers, M.R.Lee, L.Ryan, R. Barrass, R. Tetzner, т.с.с. зерттеушілермен қатар С.Қ. Әлісжан, Е.Оспанов, Б.Динаева, С.Сапина, А.Баяхметова, М.Дусенбина, Ф.Исенова сияқты отандық зерттеушілердің академиялық жазылымға қатысты ой-тұжырымдарын сыни тұрғыдан талдай келе өзіндік ұстанымдарын да білдіреді. Зерттеушілердің ғылыми стильді «ғылыми-педагогикалық стиль» деп атайтынын ескерте келіп, сөз дәлдігі әдеби тілдегі функционалдық стильдердің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми стиль, ресми стиль) бәріне тән болғанмен, ол ғылыми стиль мен іскери стильде айқын көрінетінін, ғылыми стильдің жинақылық, қатаңдық, дәлдік, бірізділік сияқты қағидалары академиялық жазылымның белгілерімен тең түсетінін айтады (24-бет). Зерттеуші ғылыми стиль мен академиялық жазылымның ұқсастықтарын санамалап көрсетеді: ғылыми стильде де, академиялық</p>

			<p>жазылымда да нақтылық, объективтілік болатынын, термин сөздер қолданылатынын, сөздер, сөйлемдер тура мағынасында ғана жұмсалып, экспрессивті, эмоционалды, бейнелі қолданыстар болмайтынын, жергілікті ерекшеліктер, жаргон сөздер қолданылмайтынын айтады (27-34-беттер). Сондай-ақ ғылыми стильге белгілі бір ғылым саласында арналған ғылыми мақала, ғылыми очерк, жазба, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми баяндама, диссертация, монография жататынын ескерте келіп, аталған мәтін түрлері академиялық жазылымға да тән екенін айтады (28-бет). Академиялық жазылым бүгінгі таңда өзекті болғанмен, өткен ғасырдың 20-30-жылдарының өзінде А.Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Е.Омаров, Ж.Аймауытов, Қ. Кемелгеров, Н.Төрқұлов, Қ.Басымов, Ә.Ермеков, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, С.Қожанов сынды ғалымдары қазақтың ғылым тілін қалыптастыруда көп еңбек еткенін айтады (22-бет).</p> <p>Диссертант академиялық жазылымға «ойды жазбаша жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік сана мен қатысымдық бірліктердің заңдылығынан тұратын тілдік тұтастық» деген анықтама бере келіп (29-бет), оны ұлттық сана мен ұлттық код тірегі ретінде көрсетеді. Бұл – өте дұрыс тұжырым. Себебі жазу барысында сөйлемдер қазақ тілінің жүйесіне сәйкес, қазақ тіліндегі нормаға сәйкес құрылуы керек. Орыс тіліндегі, ағылшын тіліндегі құрылымдар қазақ тілі үшін жат, тілдегі жүйеге қайшы. Сондықтан академиялық жазылымда тілдің тазалығы, дәлдігі, анықтығы, т.с.с. талаптар ескерілуі керек. Диссертанттың сыни талдаулары мен өзіндік тұжырымдарын жұмыстың құнды жақтары ретінде бағалауға болады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Академиялық жазылым мәселелері Қазақстанның білім кеңістігіне жаңадан еніп жатыр. Е.Оспанов, Б.Динаева, С. Сапина, А.Баяхметова және Ф. Исенова сияқты зерттеушілердің еңбектерінде сөз бола бастағанымен, бұл мәселеде әлі де басы ашылмаған жақтары көп. Осыған байланысты Молдабаева Қарлығаштың «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты зерттеуі осы қатарды толықтыратын еңбектердің қатарынан саналады. Диссертациялық жұмысында Қ. Молдабаева академиялық жазылымның жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі зерттелуін саралай отырып, әлі де нақтылауды қажет ететін тұстарын көрсетеді; академиялық жазылым мәдениеті мен этикасын талдап, плагиаттың туындау себептері айқындайды; академиялық мәтіннің жанрлары топтастырып, талдайды; академиялық жазылым түрлерін жіктеп, топтастыруға қатысты өз модельдерін ұсынады; эссе жанрын саралап, модельдерін көрсетеді; студенттердің академиялық жазылым түрлері</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>бойынша меңгеруі тиіс дағдыларды анықтап, жазба жұмысты бағалаудың өлшемшарттары ұсынады. Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидағар нақты, бай материалмен дәйектелген.</p> <p>- Диссертант академиялық жазылымның әр дәуірдің академиялық ойлауы негізінде белгілі бір дәрежеде қалыптасып, дамитынын ескерте келіп, академиялық жазылымның тарихы тереңде екенін айтады. Бұл орайда зерттеуші академик Рабиға Сыздықтың XIX ғасырдың екінші жартысында мерзімді баспасөз пайда болуына байланысты қазақ тіліндегі функционалдық стильдер тарамдала бастағаны туралы тұжырымдарын негізге ала отырып, Қарлығаш Молдабаева академиялық жазылымның қалыптасуына қазақ тіліндегі стильдердің тармақталуы ықпал еткенін айтады.</p> <p>- Академиялық жазылым жүйелі түрде құрылып, дұрыс рәсімделуі үшін ғылыми стильдегі еңбектер талапқа сай болып, жарияланым ережелері айқын болуы керектігін айтады. Сонда ғана академиялық адалдық сақталатынын ескерте келіп, академиялық жазылым ережелерінің сақталмауының салдарынан плагиат пайда болатынын, ғылыми этика талаптары өрескел бұзылатынын айтады.</p> <p>- Зерттеуші академиялық жазылым түрлерін модельдей отырып, бірнеше үлгісін ұсынады да оны академиялық жазылымды игерудің алғышарты ретінде көрсетеді.</p> <p>- Эссе мектептен бастап жазылатын, жиі қолданылатын жанр болғандықтан, жұмыста эссенің модельдерін ұсынады. Эссе үлгілерін көрсету арқылы оның ерекшелігін, құрылым, бөліктерін нақтылап, білім алушылардың эссені дұрыс жазуына ықпал етуге болатынын айтады.</p> <p>- Академиялық жазылым дағдыларын меңгерту жолдары айқындалып, жазылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған ұстанымдар нақтыланады.</p> <p>Диссертация жұмысының мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа әрі негізделген. Зерттеу барысында диссертант академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориясын зерделеу үшін эмпирикалық әдістерді қолданған; академиялық жазылымның қалыптасып, дамуын зерттеу барысында анализ, синтез, индуктивті, дедуктивті әдістер қолданылған; жазба жұмыстарды бағалауда сандық және сапалық зерттеу әдістері, жартылай құрылмалған сұхбат, сауалнама әдістері қолданылған; жинақталған ақпарат Excel және AtlasTI бағдарламасын қолдану арқылы талданған; деректерді тексеру, бағалау, маңызды мәселелерді сұрыптау, ақпаратты айқындау үшін кестелік талдау әдісі қолданылған; білім</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	

			алушылардың эссе жазу дағдыларын тексеру үшін тақырыптық талдау әдісі қолданылған. Үш тілде академиялық терминдер сөздігі электронды нұсқада құрастырылып, университеттің «Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының мәжілісінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі (хаттама № 1) шешімімен баспаға ұсынылған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының қорытындылары, негізгі пайымдаулар академиялық жазылым, функционалдық стиль, қазақ әдеби тілі, тіл тарихы салалары бойынша А. Байтұрсынұлы, М. Балакаев, Р.Сыздық, А. Аманжолов, К. Аханов, Т. Сайрамбаев, Б.Әбілқасымов, Ф. Оразбаева, Қ. Күдеринова, Б. Қапасова, С. Әлісжан, Е.Оспанов, Б. Динаева, С.Сапина, А.Баяхметова, М.Дусенбина, Ф. Исенова, Ж. Смағұлов, С.Такиров, Ж. Рүстемова, Д. Есенғалиев, Е. Көбеген, С.Кабылқанов, А.Бурумбаев, З. Ахметов, Т. Шаңбаев, М.Жолшаева, А.Тұрысбек, т.с.с. отандық зерттеуші, ғалымдармен қатар Street B, Green B., Beavis C, K.Hyland., N.Sommers, M.R.Lee, L.Ryan, R. Barrass, R. Tetzner, И.Б. Короткина, М.Б.Квициния, И.В. Третьякова, Л.А. Милованова, В.В. Радаев, А.Ф. Ануфриев, М. Ф. Шкляр, т.б. зерттеушілердің еңбектеріне негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертант академиялық жазылымның негізгі қағидасы әлеуметтік қызметін атайды. Автор мәтінді сапалы құра білуі керектігін, мәтіндегі ой қызық әрі пайдалы болуы керектігін ескертеді. Мәтіннің нанымдылығы дәйек (аргумент) келтіру, эмпирикалық фактілердің сенімділігіне, мәтіннің тілі жеңіл болуына, ақпараттың нақтылығына байланысты болатынын, тақырыптан ауытқымау керектігін, артық ақпарат болмауы керектігін айтады. Зерттеудің негізгі тұжырымдары, қорытындылары мен нәтижелері бойынша 10 мақала жарияланған: 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, 1 мақала халықаралық шетелдік журналда, 5 мақала халықаралық конференция материалының жинағында жарияланған. Сонымен қатар «Академиялық терминдер сөздігі (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)» атты электронды сөздік (құрастырушылар – К.Е. Молдабаева, С.А. Оданова, Г.Қ. Абдирасилова) дайындалған. Үш тілді сөздікте 1570 сөз берілген. Онда ғылыми лексика, ғылым, логика, зерттеу әдістемесі, ғылыми-техникалық, ғылыми қызметті ұйымдастыру, жоспарлау, басқару, ғылыми мамандар даярлау, ақпараттық техникаға қатысты атаулар берілген. Бұл – зерттеушінің теориялық дайындығының мол екенін көрсетумен қатар жұмыстың құндылығын арттыра түскен.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Зерттеу барысында эмпирикалық әдістер, анализ, синтез, индуктивті, дедуктивті әдістер; сандық және сапалық зерттеу әдістері; жартылай құрымдалған сұхбат, сауалнама әдістері; кестелік талдау, тақырыптық талдау әдістері қолданылған. Зерттеуші студенттер мамандығы бойынша білім алумен қатар жазылым дағдыларын да меңгеруі керек екенін, сол арқылы олар зияткерлік және практикалық білімдерін дамытатынын ескерте келіп, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыратын әдістерді қолдану қажет екенін айтады. Бұл орайда әсіресе ғылыми мақала жазуға төселтетін әдістерге ерекше көңіл бөлінуі тиіс екенін ескертеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеп, интерпретациялау арқылы алынған. Зерттеу барысында жинақталған ақпарат Excel және AtlasTI бағдарламасын қолдану арқылы талданған. Электронды нұсқада академиялық терминдер сөздігі берілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Лайкерт формасының қағидаларын негізге ала отырып, 310 студенттен сауалнама алған, ерікті түрде келіскен 16 студенттен жартылай құрылымдалған сұхбат алып, негативті және позитивті кодтарды айқындаған, жауаптарын статистикалық тұрғыдан саралаған. Қосымшада Қ.Жұбановтың сызбалы модель үлгісін негізге ала отырып, құрастырылған тілдік модельдер, академиялық мәтіннің моделі берілген; ғылыми мақала бөлімдерін (аңдатпа, кіріспе, зерттеу материалдары мен әдістерін жазу, «Нәтижелер мен талқылау» бөлімін жазу үлгісі, қорытынды жазу үлгісі, сондай-ақ эссе бөлімдерін жазудың үлгісі берілген. Студенттердің талданған эсселері, эсселер MunLing Shields ұсынған бағалау критерийлері бойынша талданған; студенттердің сауалнама нәтижелері, сұхбаттағы жауаптары; жазба жұмысының ұйымдастырылуын бағалау туралы мәлімет келтірілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеу жұмысында 125 ғылыми еңбекке сілтеме берілген. Олардың қатарында қазақ әдеби тілінің тарихы, функционалды стиль, терминологияға қатысты А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, М. Балақаев, К. Аханов, Ө.Қайдар, Р. Сыздық, Т.Сайрамбаев, Б. Өбілқасымов,

			<p>Ө.Айтбаев, А. Аманжолов, Ш. Мәжітаева, Ш.Құрманбайұлы, Қ. Есенова, О. Жұбаева; академиялық жазылымға қатысты Е.Оспанов, Ф.Оразбаева, Б. Динаева, С.Сапина, А. Баяхметова, М. Дусенбина, С.Әлісжан, С. Исакова, Ф.Исенова, т.с.с. отандық ғалымдардың еңбектерімен қатар Г. Кэмпбелл, Л. Райн, С. Джарратт, Дж. Бин, А. Янг, С. Линн, К. Nyland, M.A. Lea, B. Street, L.D. Latulippe, C. Bazerman, J. Flowerdew, C. Candlin және К. Nyland, R.B. Kaplan., B.V. Street, M.R. Lee, V.K. Bhatia, И.Б. Короткина, В.Н. Базылов, Н.К. Абрамцева, И.В. Третьякова, Л.А. Милованова, О.Н. Крутикова, В.В. Радаев, А.Ф. Ануфриев, И.Н. Минаева, М.С. Гусева, И.Д. Котляров, М.Ф. Панкина, К.И. Белоусов, И.Н. Розина, т.б. шетелдік зерттеушілер де бар.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған еңбектер тізімі шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертациялық жұмыста қазақстандық және шетелдік авторларды, электронды дереккөздерді қосқанда 125 әдебиетке сілтеме берілген. Сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Зерттеу барысында диссертант басшылыққа алған іргелі теориялық тұжырымдар мен әдістер жұмыстың теориялық негізделуінің дәйектелуі дұрыстығын көрсетеді.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми-теориялық тұжырымдар академиялық жазылым мәселесіне, қазақ әдеби тілі, қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері, тіл тарихы, ғылыми стиль, терминология, норма, кодификация, грамматология, т.б. салаларына теориялық тұрғыдан үлес қосады. Сондай-ақ зерттеу барысында жинақталып, сұрыпталған тілдік дәйектер мен зерттеу нәтижелерін ұлттық код, тілдік тұлға, ғаламның тілдегі бейнесі, ғаламның ғылыми суреті, ақиқат болмысты бейнелеу жолы ретінде түрлі мәдени концептілерді зерттеу барысында пайдалануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу нәтижесін білім беру жүйесінде академиялық жазылымды оқытудың бағыттарын айқындап, әдістерін нақтылауда, білім алушылардың академиялық жазылым дағдыларын меңгеру деңгейін анықтауда, академиялық жазылымның эссе жанрын саралауда, академиялық жазылым тарихын сипаттауда пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ әдеби тілінің тарихы, стилистика, лексикология, лексикография, статоллингвистика, когнитивтік лингвистикаға арналған пәндерден дәріс оқу барысында, элективті курстарда қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Зерттеу барысында мақсат-міндетіне қол жеткізген, тұжырымдары нақты, бай материалмен дәйектелген. Диссертациялық жұмыстағы практикалық</p>

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	ұсыныстар толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған.

Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» атты диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, зерттеу жұмысы философия докторы (PhD)) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге әбден лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а.,
филология ғылымдарының докторы



О.Жұбай